ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ және ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ө.А. Байқоңыров атындағы Тау-кен металлургия институты

«Маркшейдерлік іс және геодезия» кафедрасы

### Тоғысова Ақмарал Хамитқызы

Тақырыбы: Құрылыс объектісіндегі топографиялық түсірістерді өңдеудегі геодезиялық жұмыстар

Дипломдык жұмысқа

# ТҮСІНДІРМЕЛІК ЖАЗБА

5В071100- Геодезия және картография

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ және ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ө.А. Байқоңыров атындағы Тау-кен металлургия институты

«Маркшейдерлік іс және геодезия» кафедрасы

**КОРҒАУҒА РҰҚСАТ** Кафедра меңгерушісі AOKHOP Ph. DK 3 ниту Б.Б.Имансакипова Горно-металлургический инститит ум. О.А. Бейконуро2019 ж.

Дипломдық жұмыстың

## ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБАСЫ

Құрылыс объектісіндегі топографиялық түсірістерді өңдеудің геодезиялық жұмыстары

5В071100- Геодезия және картография

Орындаған: Тоғысова А. Х.

Ғылыми жетекші: Техника ғылымдарының кандидаты

Г.М.Қырғызбаева » 05 2019ж.

Алматы 2019

#### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

#### СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

Ө.А.Байқоңыров атындағы Тау-кен металлургия институты
 «Маркшейдерлік іс және геодезия» кафедрасы
 5В071100- Геодезия және картография

БЕКІТЕМІН Кафедра меңгерушісі,

Доктор PhD Б.Б.Имансакипова «<u>14</u>» <u>05</u>2019 ж.

Дипломдық жұмыс орындауға

#### ТАПСЫРМА

Білім алушы: Тоғысова Ақмарал

Тақырыбы: «Құрылыс объектісіндегі топографиялық түсірістерді өңдеудегі геодезиялық жұмыстар»

Университет Ректорының 2018 жылғы «08» Х №1113-б бұйрығымен бекітілген Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі 2019 жылғы «(5 » Ø5

Дипломдық жұмыстың бастапқы берілістері:

Дипломдық жұмыста қараластырылатын мәселелер тізімі

а) Құрылыс объектісіндегі геодезиялық жұмыстар

б)Райымбек ауданы, Нарынқол елді-мекеніне жасалған топографиялық түсірістерді өңдеудегі геодезиялық жұмыстар

Сызба материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетелуі тиіс)

Сызба материалдарының 6 слайдта көрсетілген

Ұсынылатын негізгі әдебиет 5 атаудан тұрады

1 Федотов Г.А. Инженерная геодезия: Учебник. – 2-е изд., исправл., – М.: Высш. шк., 2004. – С. 306-308.<u>http://complrds.ru/</u>

2 http://dor-stroy.org/articles/articl3/default.htm

3 Интулов И.П. Инженерная геодезия в строительном производстве: Учеб. пособие для вузов. – Воронеж, 2004, с. 9-11

4 http://vishagi.ru

5 Поклад Г.Г, Гриднев С.П. Геодезия: учебное пособие для вузов. – М.: Академический проект, 2007

Бөлім сұрақтар	атаулары, дың тізімі	дайындалатын	Ғылыми жетекшіге, кеңесшілерге өткізу мерзімі	Ескерту
Геодезия	1	nin nin san sy cipita 19 milion - San	10.05.2019	ey i w - n (niezu sen

#### Дипломдық жұмысты даярлау КЕСТЕСІ

# Аяқталған дипломдық жұмыстың және қалып бақылаушының **қолтаңбалары**

Бөлімдер атауы	<ul><li>Ғылыми жетекші, кеңесшілер (аты-жөні, тегі, ғылыми дәрежесі, атағы)</li></ul>	Қолтаңба қойылған мерзімі	Қолы
Геодезия	Қырғызбаева Г.М. техника ғылымдарының кандидаты	14.05.2019	Mark
Қалып бақылаушы	Нукарбекова Ж.М. т.ғ.м. ассистент	14.05.2019	beh

Тапсырма берілген мерзімі <u>13,03,20Р9</u> Кафедра меңгерушісі Имансакипова Ботакөз Бекетовна Ғылыми жетекшісі Қырғызбаева Гүлдана Мейрамбековна Тапсырманы орындаған студент Тоғысова Ақмарал Хамитқызы

Күні 14 05. 2019ж.

Дипломдық жұмыс тақырыбы құрылыс алаңындағы топографиялық түсірістерді өңдеудегі геодезиялық жұмыстарға арналған.

Дипломдық жұмыста негізінен құрылыс алаңындағы геодезиядлық жұмыстар, топографиялық түсіріс құралдары, түсіріс өңдеуге арналған бағдарламалар туралы айтылады.

Дипломдық жұмыс екі негізгі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде топографиялық түсіріс туралы, ал екінші бөлімде заманауи аспаптар мен бағдарламаларға кеңінен тоқталады.

Дипломдық жұмыстың мақсаты құрылыс алаңындағы геодезиялық жұмыстардың маңыздылығына тоқталу. Соның ішінде топографиялық түсірістің атқарылу барысымен және топографиялық түсіріс жасауға арналған қазіргі заманғы аспаптармен танысу. Сонымен қатар құрылыс алаңында жасалған топографиялық түсірістерді өңдеуге арналған геодезиялық жұмыстарға баға беру.

Дипломдық жұмыстың тақырыбы техникалық университет студенттеріне, соның ішінде геодезия мамандығына арналған.

#### АННОТАЦИЯ

Тема работы посвящена геодезическим работам по топографическим съемкам на строительной площадке.

Дипломная работа включает в себя в основном геодезические работы на строительной площадке, топографическую съемку и программы спуска.

Дипломная работа состоит из двух основных частей. Первая часть посвящена топографическим съемкам, а вторая часть - современным инструментам и программам.

Цель дипломной работы - подчеркнуть важность геодезических работ на строительной площадке. Знакомство с современными приборами. Также проводится оценка геодезических работ для топографических съемок на строительной площадке.

Тема дипломной работы посвящена студентам технического вуза, в том числе геодезии.

#### ANNOTATION

The theme of the work is devoted to geodetic works on topographic surveys at the construction site.

Thesis includes mainly geodetic work on the construction site, topographic survey and descent program.

Thesis consists of two main parts. The first part is devoted to topographical surveys, and the second part - to modern tools and programs.

The purpose of the thesis - to emphasize the importance of geodetic works on the construction site. Acquaintance with modern devices. Geodetic surveys for topographic surveys at the construction site are also being evaluated.

The topic of the thesis is devoted to the students of a technical college, including geodesy.

# МАЗМҰНЫ

	КІРІСПЕ	9
1	Геодезия	10
1.1	Құрылыс объектісі және геодезия	10
1.2	Геодезиядағы топографиялық түсірістің маңыздылығы	10
1.3	Топографиялық түсірістуралы жалпы ақпарат	11
1.4	Топографиялық түсіріс түрлері	14
1.5	Топографиялық түсірулердің жаңа технологиясы	16
1.6	Taxeoмetp «LEICA» TS 06 plus	21
1.7	LEICA Geo Office бағдарламалық кешені	24
1.8	Топографиялық түсірістерді Autocad бағдарламасында өңдеу	28
	ҚОРЫТЫНДЫ	35
	ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР	36
	А ҚОСЫМША	
	Ә ҚОСЫМША	
	Б ҚОСЫМША	
	В ҚОСЫМША	
	Г ҚОСЫМША	

Ғ ҚОСЫМША

#### КІРІСПЕ

Жұмыстың мақсаты құрылыс алаңындағы геодезиялық жұмыстардың маңыздылығына тоқталу. Соның ішінде топографиялық түсірістің атқарылу барысымен және топографиялық түсіріс жасауға арналған қазіргі заманғы аспаптармен танысу. Сонымен қатар құрылыс алаңында жасалған топографиялық түсірістерді өңдеуге арналған геодезиялық жұмыстарға баға беру.

Жұмысты қысқаша баяндау дипломдық жұмыстың бірінші тарауында топографиялық түсірістер жайлы деректер мен оның әдістеріне, сонымен зерттеу ауданына қатысты деректерге қыскаша шолу.

Екінші тарауы құрылыс объектісіндегі топографиялық түсірістерді өңдеу әдістерін талдау мәселесіне, оның ішінде Autocad және Credo бағдарламаларында өңдеу әдістеріне арналған.

Дипломдық жұмыстың құрылымы және көлемі жұмыс кіріспеден, екі тараудан, қорытындыдан, пайдаланған әдебиеттер тізімінен, 17 суреттен, 3 кестеден тұрады.

Құрылыс объектісіндегі геодезиялық жұмыстарға жалпы өлшеулер, жергілікті жердегі құрылыс жұмыстарының дәлдігін қамтамасыз ету және олардың құрылысын толыққанды геометриялық параметрлерге сай жасау, сонымен қатар нормативтік құжаттарға сәйкес болуы жатады

Құрылыс объектісінде жасалатын негізгі геодезиялық жұмыстардың бірі топографиялық түсіріс орындау.

Топография — жер бетін әуе және ғарыштық түсірім негізінде жоспарға және ірімасштабты картаға (1:100000 масштабқа дейін) түсіру, әрі бейнелеу әдістерін зерттейтін ғылым. Бұған көзбен өлшеу, бұрыш өлшеу, мензульдық, тахеометриялық немесе алыстан өлшеу сьемкалары жатады. Таулы жерлерде фотограмметрия қолданылады.

Топография жер бетін зерттеуде физика және экономика, географияға, ал жер бетін топографиялық түсіруде (топографиялық карта жасауда) геодезия мен картографияғылымдарына сүйенеді. Топографиялық картаның мазмұнының толықтығы ең алдымен планның немесе картаның масштабына байланысты болады.

## 1 Геодезия

## 1.1 Құрылыс объектісі және геодезия

Жалпы геодезия туралы не білеміз? Барлығымызға мәлім геодезия жер беті және оны зерттеу туралы ғылым. Геодезия жер бетінің, сонымен қатар аудандар мен аймақтардың формасын және өлшемін зерттейтін сала. Кез келген құрылыс объектісін жасауда геодезия маңызды рольге ие.

Бастапқы құрылыс жұмыстарында инженерлік-геодезиялық ізденіс жұмыстарының маңызы зор болып табылады. Инженерлік-геодезиялық ізденіс жұмыстарына құрылыс объектісінің орнын анықтау, жер асты суларының деңгейі, топырақ құнарлығы, құрылыс объектісіне керекті материалдардың көлемі сияқты жұмыстар кіреді.

Геодезиялық жұмыстарды ізденіс жұмыстарымен айналысатын білікті мамандар орындайды. Құрылыс объектісіндегі негізгі геодезиялық жұмыстар ГОСТ22268, ГОСТ24846 және СНиП 3.01.03-84 негіздеріне сай жасалуы керек.

Құрылыс объектісіндегі геодезия-бұл зерттеліп отырған объектінің нақты өлшемі, осы негіздерге сүйеніп жасалған сызбалар және оларды іс жүзінде қолдану сияқты жұмыстардың жиынтығы. Бұл жұмыстар жиынтығы дәл және жоспарланған құрылыс алыңының ішкі және сыртқы элементтерімен қоса, осы берілген жобаның нормативтік базасына сәйкес барлық жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Геодезиялық жұмыстар құрылыстың басынан аяғына дейін маңызды болып табылады.

Геодезиялық жұмыстармен айналысатын мекемелердің негізгі міндеттеріне:

- Құрылыс алаңын таңдау
- Құрылысқа дайындық жұмыстар (инженерлік құрылыс есебі, жер үсті және жер асты коммуникация тұрғызу планын дайындау).
- Құрылысты жобалау(құрылыс жұмыстары үшін топографиялық және геодезиялық зерттеулер жасау, құрылыс жобасының кейбір параметрлеріне өзгрістер енгізу).
- Әртүрлі деңгейдегі құрылыс жұмыстарына бақылау жасау(құрылыс элементтерінің нақты геометриялық параметрлерін сақтау, осы элементтердің керекті мөлшерін бақылау).
- Жоба барысындағы жұмыстар(орындаушылық жұмыстар, геометриялық бақылаулар, жобаны тапсыруға құжаттар даярлау).
- Құрылыс біткеннен соң атқарылатын міндеттер, яғни негізгі бас жобаны даярлау және керекті түсіріс қағаздары.

## 1.2 Геодезиядағы топографиялық түсірістің маңыздылығы

Топографиялық түсірістер геодезиялық жұмыстар барысында толыққанды карталар мен пландар жасауда кеңінен қолданылады. Топографиялық түсірістер негізінде алынған мәліметтер ең қиын деген инженерлік жобаларды жүзеге асыруға, құрылыс жұмыстарын жасау үшін рұқсат алуға, құрылыстың әр түрлі жобаларына бақылау жасауға мүмкіндік береді.

Топографиялық түсірістер төменде көрсетілген жұмыстарға байланысты нақты және өзекті деректер береді:

- Жергілікті жердің рельефін зерттеу туралы

- Жер үсті және жер асты коммуникациялары

- Зерттеліп отырған ғимараттар мен құрылыс алаңында орналасқан аумаққа

Әр түрлі жасыл-жабындыларға байланысты.

Тапсырыс беруші үшін жұмыс сапасымен қатар маңызды жағдайлардың бірі атқарылатын жұмыстың құны. Топографиялық түсірістің құны бірнеше жағдайларға байланысты анықталады. Мысалы:

- Жұмыс жүргізілетін аумақтың түрі мен орналасқан орны
- Рельефтің орналасуы
- Атқарылған жұмыстың көлемі
- Топографиялық карталардың саны.

Құрылыс алаңының дұрыс таңдалуы жұмыс сапасына ықпал етеді. Құрылыс алаңы таңдалып алынған соң геодезиялық жұмыстарды атқаратын ұжым материалдарды жинақтайды, геодезиялық құрылыс аланына қажетті пункттердің және нивелирлік желілердің реперлер саны мен жағдайын анықтайды. Құрылысты жобалау кезеңінде топографиялық-геодезиялық ізденіс ізденіс баска жұмыстары және жұмыстарының түрлері аткарылады. Құрылыстың дайындық кезеңінде негізгі және басты остерді шығару жүмыстары жасалады. Жалпы құрылыс барысында құрылыс элементтерінің остерін шығару, құрылыстық-монтаждық жобаны геометриялық қамтамасыздандыру, аяқталған құрылысқа орындаушылық түсіріс орындау және жобаны өткізуге құжаттар дайындау жұмыстары атқарылады.

#### 1.3 Топографиялық түсіріс туралы жалпы ақпарат

Топография — жер бетін әуе және ғарыштық түсірім негізінде жоспарға және ірімасштабты картаға (1:100000 масштабқа дейін) түсіру, әрі бейнелеу әдістерін зерттейтін ғылым. Бұған көзбен өлшеу, бұрыш өлшеу, мензульдық, тахеометриялық немесе алыстан өлшеу сьемкалары жатады. Таулы жерлерде фотограмметрия қолданылады. Топография жер бетін зерттеуде физика және экономика, географияға, ал жер бетін топографиялық түсіруде (топографиялық карта жасауда) геодезия мен картографияғылымдарына сүйенеді.

Топографиялық картаның мазмұнының толықтығы ең алдымен планның немесе картаның масштабына байланысты болады.

Масштабы кішірейген сайын картаның жер беті элементтерін сұрыптау және жалпылау дәрежесі артады. Мұндай жағдайда картаға географиялық тұрғысынан маңызды деп есептелінетін жер беті элементтерін мүмкіндігінше көбірек қамту көзделеді.

Картаны толық етіп құрастыруда топографиялық шартты белгілер жүйесі де маңызды рөл атқарады.

Топогеодезиялық құжаттарда (карта, план, профиль) міндетті түрде сандық, атаулық және сызбалық масштабтарда көрсетіледі.

Сандық масштаб – алымы 1 санына тең тұрпайы бөлшек 1:М.

Атаулық масштаб – сандық масштабқа қатысты 1см кесінді ұзындығына жер беінде неше метр салынды ұзындық сәйкес келетіндігінің есебі.

Сызбалық масштаб – бұл сандық пен атаулық масштабтардың ұштастырылған түрі. Ол бойлық немесе көлденең бейнелі болып келеді.

Масштаб бойынша есеп (тура және кері есептер) шығару оның атаулануынан басталады. Сондықтанда атаулау іс-әрекетіне өте зерек болу керек.

Топокарталар мен пландар үшін жалпы қабылданған сандық және атаулық масштабтар мынандай(1-кесте).

Сандық масштабтар	Атаулық масштабтар
Топокарталар үшін	
1:1000000	1 см – 10000 м немесе 1 мм – 1000 м
1:500000	1 см – 5000 м немесе 1 мм – 500 м
1:200000	1 см – 2000 м немесе 1 мм – 200 м
1:100000	1 см – 1000 м немесе 1 мм – 100 м
1:50000	1 см – 500 м немесе 1 мм – 50 м
1:25000	1 см – 250 м немесе 1 мм – 25 м
Топопландар үшін	
1:10000	1 см – 100 м немесе 1 мм – 10 м
1:5000	1 см – 50 м немесе 1 мм – 5 м
1:2000	1 см – 20 м немесе 1 мм – 2 м
1:1000	1 см – 10 м немесе 1 мм – 1 м
1:500	1 см – 5 м немесе 1 мм – 0,5 м

1 Кесте-Сандық және атаулық масштабтар.

Топокарта бетінде кескінделетін километірлік тордың жиілігі масштабтылыққа байланысты былай жазылады(2-кесте).

Масштабтар	Карта бетінде, см	Жер бетінде, км
1:1000000	Километірлік тор құ	<b>уылмайды</b>
1:500000		
1:200000	5	10
1:100000	2	2
1:50000	2	1
1:25000	4	1
1:10000	10	1

2 Кесте-Масштабтылыққа байланысты километірлік тордың жиілігі.

Топографиялық түсіріс - жер беті бөлікшесінің жергілікті заттары мен бедерін шартты белгілермен қағазда белгіленген масштабта бейнелеу мақсатымен жүргізілетін далалық және камералық кешені. жұмыстар Топографиялық түсіріс ортогональді проекцияда 1:100 000 және одан ірірек масштабтарда жасалады. Мемлекеттік геодезиялық пландық және биіктік тораптар пункттері Топографиялық түсірістің пландық және биіктік негізі болады. Топографиялық түсіріске қамтылатын шаралар: түсіру торабын құру; аэрофотосуреттерді далалық дайындау және оларды анықтау ісін жүргізу; геодезиялық пункттерден және түсіру желісі нүктелерінен жергілікті жердегі заттардың орындарын анықтау және оларды шартты белгілермен планшетке түсіру масштабына сәйкес дәлдікпен және толықтығымен салу; жергілікті жердің бедерін горизонтальдармен бейнелеу; елді мекендердің, өзендердің, көлдердің, шатқалдардың және т.б. өз атауларын анықтау; картада көрсетілетін жергілікті жердегі кейбір нысандардың сипаттамаларын: өзендердің ағыс жылдамдығын және терендігін, көпірлердің жүккөтергіштігін, ағаш түрін, батпақтан өтпелерді және т.б. тиісті ұйымдардан білу немесе тікелей анықтау. Топографиялық түсіріс нәтижелерінің планшеттері түсіріс масштабында шығарылатын топографиялық карталарды жасаудың түпнұсқасы немесе ұсақ масштабтағы картаны жасау үшін негізгі материал болады. Инженерлік құрылыстар үшін орындалатын тахеометриялық және теодолиттік түсірістер инженерлік геодезия саласына жатады.

1-суретте 2019 жылы Райымбек ауданы, Нарынқол елді-мекенінде жасалған топографиялық түсіріс көрсетілген. Түсіріс 1:500 масштабта жасалған. Топографиялық түсіріс орындау кезінде тахеометр «LEICA» TS 06 plus аспабы пайдаланылды.



1 Сурет-Райымбек ауданы, Нарынқол елді-мекенінде жасалған топографиялық түсіріс

### 1.4 Топографиялық түсіріс түрлері

Топографиялық түсіріс аэрофототопографиялық, мензулалық және фототеодолиттік түрлерге бөлінеді.

Аэрофототопографиялық түсіріс кезінде аталған жұмыстардың біршамасы фотограмметриялық аспаптарда камералық жағдайда орындалады. Аэрофототопографиялық түсіру — аспаптар көмегімен жергілікті жерді аэрофотоға түсіру топографиялық түсірудің негізгі түрі. Аэрофототопографиялық түсіру стереотопографиялық немесе аралас әдіс бойынша анықталады. Стереотопографиялық әдісті жергілікті жердің барлық элементтері камералы фотограмметриялық аспаптарда құрылады; аралас әдісте картаның контурлы бөлімі аэрофототүсіру арқылы, ал жер бедері мензулалы түсіру әдістері арқылы құрылады. Аэрофототопографиялық түсіру 1:10 000 — 1: 100 000 масштабтағы топографиялық карталар жасау кезінде қолданылады.

Мензулалық түсіріс кішікене бөлшекте мензула мен кипрегельдің көмегімен орындалады және тікелей далада топографиялық планды түсірүге мүмкіндік береді. Түсірісті жасау жергілікті жердегі нүктелердің планшеттегі өзара орындарын графикалық түрде анықтауға бағытталған. Нүктелерге дейінгі ара қашықтық өлшеуіш рейканың көмегімен өлшенеді, ал бұрышты графикалық түрде салады. Құрылыс салынған территорияны түсіргенде ара қашықтықты кипрегельдің объективіне бекітілген ара қашықтық өлшеуіш саптамамен өлшейді.

Мензулалық түсірістің артықшылығы оның көрнектілігі болып табылады, себебі түсіру процесі кезінде планды жергілікті жермен салыстыруға мүмкіндік

туады, ал кемшілігі: жұмыстың негізгі бөлігі далада өтетіндіктен, қыста және жауын-шашынды күндері жұмыс істеуге мүмкіншілік болмайтындығы, жабдықтардың қолайсыз үлкендігі, істелетін жұмысты бөлудің қиыншылығы, себебі өлшеулер және планды сызуды тек қана бір орындаушы жасайды. Мензулалық түсірісте түсіргі жүйесінің жиі болуы талап етіледі. Түсіргі жүйе жергілікті жердің жағдайына және түсірістің қажетті дәлдігіне байланысты графикалық немесе аналитикалық әдістерімен құрылуы мүмкін. Инженерлік құрылыстар үшін орындалатын тахеометриялық және теодолиттік түсірістер инженерлік геодезия саласына жатады.

Фототеодолиттік тусіріс бетіндегі жер нүктелерден алынған фотосуреттердің стереоскопиялык жұптары бойынша топографиялык карталарды жасау әдісінің бір түрі. Фотокамера мен теодолиттің бір аспапқа құрылымдық біріктірілуі болатын фототеодолит немесе фотокамера және теодолиттен аспаптар жинағымен жасалады. Фотокамерамен тұратын жергілікті жер суретке түсіріледі, ал теодолитпен суретке түсіру нүктелерінің координаталарын есептеу үшін және фотограмметриялық аспаптарда суреттерді бағдарлау үшін қажетті геодезиялық өлшеулер жүргізіледі. Суретке тусірілетін жергілікті жердің тусіру базисі жақын планына лейінгі қашықтықтың төрттен бірінен аспауы тиіс және алыс планның кашықтығының бірінен кем болмайтындай етіп таңдалады. Топографиялық жиырмадан карталар фотограмметриялық аспаптарда камералық жағдайда жасалады, олардың негізгісі стереокомпаратор болады. Фототеодолиттік түсіріс әр түрлі инженерлік іздестірулерде қолданылады. Картографиялау мақсатында таулы аймақтарда ғана аэрофототопографиялық түсіріспен бірге қолданылады.

Инженерлік геодезия жұмыстарын ұйымдастыру және топографиялық түсірістерді өңдеу кезінде өлшеуде кететін қателіктер біркелкі болуы керек. Сондықтан өлшеу қателерінің әсерін бәсеңдету үшін және ол қателердің түсіретін территорияның бір бөлігіне шоғырланбауын бәсеңдету үшін өлшеу жұмыстарын жалпыдан жекеге қарай жүргізу керек. Бұл түсіріс жұмыстарын ұйымдастырудың бірінші принципі. Осы принципке байланысты алдымен түсірілетін территорияда негізгі тірек нүктелер тобын іріктеп белгілейді, олардың орнын анықтайды, содан кейін ғана жекелей ситуацияларды түсіреді. Түсіру нәтижелері сенімді болу үшін кез-келген өлшеу жұмыстары бақылаумен орындалуы керек. Сондықтан геодезиялық жұмыстың жоғары сапалы болуы келесі принциппен негізделінеді: кез-келген өлшеуді тексермей бір адым жылжымау керек.

#### 1.5 Топографиялық түсірулердің жаңа технологиясы

Түсіру жұмыстарын жүргізудің қазіргі заманғы әдістерінің бірі -жер серіктік әдіс. Жер серіктік бақылау деректері бойынша жергілікті жерге, тәулік мерзіміне және ауа-райына тәуелсіз нуктелердің орнын (координатталарын) жоғары дәлдікпен анықтауға мүмкіндік береді. Сандық топографиялык тусірулерді колдану, ГАЖ пен САПР-ла алынған деректердің берілуін жеңілдетеді. Ал геометриялық және атрибутивтік (анықтауыштық) ақпараттарды тікелей далада тіркеуге мүмкіндік беретін сандық-картографиялық технологиялардың негіздерін (СКН) жасауда ерекшеліктері бар. Қазіргі кезде сандық топографиялық тусірудің жаңа технологиясы табысты қолданылуда. Ол электрондық тахеометрлер мен нақты уақыттағы жер серіктік геодезиялық жүйелерді пайдаланып, кеңістіктік ақпараттарды жинауға және теңестіру кезеңіне тоқтамай, деректер базасы байланысқан сандық жоспарды тікелей далада алуға негізделген. Далада нақты уақыт ауқымында жер серіктік әдістер арқылы (Real Time Kinematic, RTK)м 2x3 см дэлдікпен, пикеттердің пландық және биіктік координаттары анықталады. Топографиялық түсірістерді орындауға арналган аспаптардың бірі GPS Leica Viva GS 16 аспабы. Бұл аспап ең қиын деген жерлердің үш өлшемді моделін жасауға мүмкіндік беретін бағдарламаға ие(2-сурет).



#### 2 Cypet-GPS Leica Viva GS 16 аспабы

GPS -жер айналасындағы орбита бойынша орын ауыстыратын 24 спутниктен тұратын жүйе. GPS аспабының жадында осы жер серіктіктердің барлығы туралы ақпарат бар. Осындай кестеге байланысты олардың әрқайсысына дейінгі арақашықтықты анықтай алады.

Жер серіктік әдістер -тиімсіз үлескілерді түсіру үшін электрондық тахеометр колданылады. Жер серіктік қабылдағыш пен электрондык тахеометр жергілікті жер туралы деректерді жинау кезінде арқылы есептеуіш координаталардан баска, контроллерге (акпарат автоматты жинауыш) пикет сипаттамалары (пикет қатысты нысан нөмірі, коды, оның басқа пикеттермен қосылу реті туралы мәліметтер, т.б.) қолдан енгізіледі. Түсіру нәтижелерін компьютер жадына тасымалдаған соң автоматты түрде топографиялық план көрінісі, онымен байланысты деректер базасының құрастырылуы шығарылады. Ал қажет жағдайда атқарушы (орындаушы) осы САПР деректерді толықтырып немесе түзетіп, оларды немесе соңғы пайдаланушы ГАЖ-нда пайдалана алады. Өлшеу деректерінің компьютерге енгізуді, сандық картографиялық негіздерді өңдеуді, әрі алынған жүзеге асыруға болады. редакциялауды тікелей далада Бұл түсіру нәтижелерінің дәлдігін арттырады.

Түсіруге арналған далалық жер серіктік жабдық тіреуіш (базалық) станция жиынтығымен RTK режімін қолдайтын ең аз дегенде бір жылжымалы жиынтықтан тұрады.

Базалық жиынтық -жер серіктік антеннадан, қабылдағыш пен антеннасы бар таратушы радиомодемнен тұрады. Навигациялық ГЛОНАСС немесе HABCTAP жүйе серіктеріне сигнал қабылдайтын серіктік жер жер белгілі нүкте үстіндегі кәдімгі координаталары штативке орнатылады. Бұл -геодезиялық пункт немесе координаталары жоғары дәлдікті статикалық жерсеріктік бақылаудан анықталған еркін орналасқан нүкте (жер серіктік желі нүктесі) болуы мүмкін.

Жерсеріктік қабылдағыш антенна қабылдаған сигналды өңдеп, деректерге түзетулер жасайды. Таратушы радиомодем осы түзетулерді, эфирге таңдап алынған жиілікті радиоканалда таратады. Радиомодемнің эрекет ету радиусі көптеген факторларға: оның сипаттамасына, жергілікті бедеріне. жер салынған құрылыс немесе орманды жер дәрежесіне. радиоэфирдің шуылдау деңгейіне байланысты. Осы факторлардың тиімді арақатынасы кезінде түзетулер 15 км және одан да көп арақашықтыққа берілуі мумкін. Тузетулерді улкен арақашықтыққа беру немесе курделі жағдайда жұмыс істеу кезінде радиомодем автономиялы жұмыс істеп, радиосигналдың ретрансляторы қызметін атқарады. Станция жиынтығының құрамына жер серіктік антенна биіктігін өлшеуге арналған штанга, жалғастырып тұратын кабельдер, деректерді компьютерге тасымалдауға кабельдер, арналған косымша аккумуляторлар кіреді.

Жылжымалы (түсіріс) жиынтығы арнайы рюкзакқа салынады,ол жер серіктік антенна, қабылдағыш, қабылдаушы радиомодемнен тұрады; ол көп функциялы контроллер-жинаушымен басқарылады. Жер серіктік антенна деңгейі дөңгелек қадаға бекітіліп, түсірілетін нүктеге ретімен орнатылады.

Қабылдағыш радиоканал бойынша кабылданған базалык станциядан деректерді пайдаланып, нүктелердің орнын есептейді. Қада тұрған орындағы нуктелердің координаталары іс жүзінде тез анықталады (2-10с) да, оны орындаушы контроллерде атрибутивті деректермен бірге сактайды. Жылжымалы аккумуляторлар, жиынтыққа -қосымша жалғастырылатын тасымалдауға кабельдер кабельдер мен деректерді арналған кіреді. Жылжымалы жиынтықтың жер серіктік қабылдағышы бір немесе екі жиілікті болуы мүмкін. Екі жиілікті қабылдағышты пайдалану -нүкте координатталарын едәуір, дәлірек, сол уақыт аралығында алуға мүмкіндік береді. Ол сандық-топографиялық түсіруде ерекше маңызды. Сонымен қатар, шуылдауды басатын технологиясы бар қабылдағышты пайдаланған жөн. Бұл сигнал қабылдауды үзбей аласа ағаштардың тоғайы арқылы өтуге мүмкіндік береді.

Түсіру алдында базалық станция тұратын орынды таңдауда көрінетін жер серіктік саны барынша көп болуы үшін аумақты алдын ала анықтап алады. Камералдық жағдайда абрис дайындалады, түсірілетін нысан кодтарын жіктеуші, оларды сандық картографиялық негіз қабаттары бойынша тіркеп жазып, жергілікті жер планын автоматты салу үшін таңдап алынады. Контроллерде бірі тағайындалуы кондырылған жүйенің немесе координаталар проекция координаталардың жаңа жүйесі анықталатын құрылуы мүмкін.

RTК-ны пайдаланып тусіру сызбанұсқасы мынадай: базалық радиомодемінің антеннасы -берілетін таратушы сигналдың станцияның радиусіұлғайту үшін, барынша жоғары биіктікке әрекет орнатылады. Базалык станция моделі қосылғаннан кейін,жылжымалы жиынтық қабылдағышының инициализациясына кіріседі (фазалық өлшеулердің көп мәнділігіне рұқсат берілуі). Екі жиілікті қабылдағышты пайдаланған кезде инициализация ушін 1-2мин керек, сонымен бірге антенна орын ауыстыруы мүмкін (мысалы, түсіру үлескісіне жеткенше). Бір жиілікті қабылдағышты пайдаланған кезде 20-25 мин уақыт керек, бұл кезде антенна жылжымауы кажет. Инициализация аякталған сон орындаушы каданы пикетке орнатып,контроллер-жинақтауыш клавиатурасынан оның атауы не нөмірі (әдетте, автоматты реттік нөмірлер), түсірілетін нысан коды (кітапханадан таңдап алынады не қолдан теріледі), қаданы бұрынғы немесе жаңа биіктікке енгізіп, координаталарды контроллер-жинақтауышқа бекітеді. Бақылау жағдайына байланысты координаталарды анықтау уақыты 2-ден 10 с-қа дейін өзгереді. Контроллерге қондырылған координаталық геометрия функциясы қолжетпес нүктелердің орталығы, т.б.) (баған, ағаш координаталарын бұрыш пен бойымен тірескен жылжу шамасы, жарма не оған перпендикуляр т.б. бойынша оңай есептеуге, ығысу, нысан координаталарының соңғы мәнін сақтауға мүмкіндік береді. Контроллер

дисплейіне координаталарын түсіру процесін бақылауға, нукте олардың ағымдағы дәлдігі мен олардың параметрлері бойынша нүктеде бақылау деректерді тіркеуге шешім кабылдауға уақытын арттыруға немесе мумкіндік беретін ақпараттарды шығаруға болады. Осының барлығын алады. Контроллер-жинақтауыш контроллер автоматты түрде орындай далалық деректерді ішкі жадқа не РСМСІА-картаға жазуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар,өлшеулердің шала нәтижелерін кейін өңдеу үшін қабылдағышқа параллель жазуға болады. Мұндай мүмкіндік координаталық тузетулер радиоканал бойынша алынбаған жағдайда пайдалы, жер серіктік бақылау деректері сақталады да,оларды өңдеуден кейінгі процесте пикет координаталарын есептеуге болады.

Электрондық тахеометр. Электрондык тахеометр уақыт нақты ауқымында түсірістер принципін толық жүзеге асырады. Өлшенген шамалар бойынша анықталатын нүктелердің координаталарын тікелей далада есептейді. Ал RTK-ны пайдаланып,анықталған пункттер тахеометр тұратын нүктелер болып табылады. Жұмысшы жиынтыққа тахеометрден басқа, призмалық шағылыстырғышы бар бір немесе бірнеше қада, рейкалар мен бақылаушы арасындағы дауыс радиобайланысына арналған жиынтық кіреді.

Тахеометрмен түсіру процесі былай жүзеге асырылады: бақылаушы түсіріс жүргізілетін нүктеге құрал-сайманды орнатады. Бұл координаталары белгілі нүкте (геодезиялық пункт немесе жер серіктік желі нүктесі) немесе координаталарын тахеометр кері қиылыстан есептейтін еркін таңдап алынған нүкте болуы мүмкін. Орындаушы шағылдырғыш пен құрал-сайман биіктігін белгілеп, анықталатын нүкте нөмірін не атауын, түсірілетін нысан кодын енгізеді де, өлшеуді бастайды. Тахеометр шағылдырғышы бар қададан горизонталь не вертикаль бұрышты, оған дейінгі арақашықтықты өлшейді де, осы деректер бойынша пикет координаталарын есептеп, оларды РСМСІА-картаға қондырылған жинақтауышқа не жазады. Тахеометрде, контроллердегі сиякты колжетпес арақашықтықты, колжетпес нукте координаталарын, әртүрлі геодезиялық мәселелерді тікелей далада шешу функциялары болады.

Бірыңғай интерфейстің болуы өте маңызды, өйткені ол жер серіктік контроллер мен электрондық тахеометр көмегімен бір тип деректерін: нүкте атауын, кодты, координаталарды жинақтауға мүмкіндік береді. Бұл деректер бірыңғай сәйкестігін,оларды өңдеуде жәнепланды орынды салу проблемасын шешеді. Қажет жағдайда, пикет координаталарын алу әдістері мен уақытын, мерзімін, шын мәніндегі дәлдікті, орындаушы туралы тізімін ұлғайтуға болады. Сонымен, жер мәліметті, т.б. қосып, деректер серіктік құрал-жабдық жиынтығыарқылы электрондық тахеометр мен нақты қосымша,әртүрлі уақыт ауқымында түсіру үшін оған мақсаттағы

топографиялық түсірістердіңдалалық бөлігінде сандық технология тез,әрі тиімді жүзеге асырылады.

Tycipic улескісінде векторлық немесе растрлық сандықкартографиялық болса, онда сандық материал мензуланы пайдалану мүмкіндігі бар. Кабылдағышқа немесе электрондық тахеометрге, контроллердің орнына деректерді жинау бойынша жоғарыда сипатталған барлық әрекеттерді орындауға мүмкіндік беретін жарық жазу құралы мен арнайы программалық жасауы бар, клавиатурасыз далалық компьютер қосылады. Сонымен қатар, бар сандық-картографиялық материалорындалатын түсіру үстіне салынады. Ал нақты уақытта жасалатын план, экранына бейнеленеді. Мұндай бірден компьютер технология түсіру процесінде нәтижені көругежәне бұрынырақ сандықжасалған картографиялык материалды салыстыруға не редакциялауға мүмкіндік береді.

План суретін және далалық деректерді өңдеу. Далалық деректерді өлшеу сапасын дереу бақылап, жеткілікті түрде айқын түсірілмеген үлескілерді анықтау мақсатындатікелей далада өңдеуде болады. Жиналған деректер қосуға және бедерді сызуға мүмкіндік автоматты түрде контурларды арнайы программалық беретін. планды салуға арналған жасауы бар Контроллер мен тахеометр немесе портативті компьютерге көшіріледі. РСМСІА-карта кабельдер толымдалатын арқылы деректерді көшіруге болады. Нәтижесінде пикеттер орналасқан сандық-топографиялық план алынады. Ол бойынша орындаушы жеткілікті түрде айқын түсірілмеген улескілерді анықтап, қателерін тауып, түзете алады. Түсірілген үлескінің планын сызу тікелей далада,нысан кодтары бойынша портативті компьютерде автоматты түрде жүзеге асырылады. Код жіктеуіші мен оған сәйкес шартты белгілерді,орындаушының өзі жасауы мүмкін. Бұл ұсынылған технологияны арнайы мақсатта түсіруге тиімді мүмкіндіктер береді. Сипатталған технологияны оңайлатып далалық дигитайзер деп атауға Оның ерекшелігі -нәтижелер (дәлдік, болады. сандық түр, жеделдігі) сапасының жоғарылығы, жұмыс уақыты мен бағасының төмендігі. Сонымен қатар,оның дәстүрлі түрінде түсіру негіздемесі болмайды. Далада жиналған деректердің барлығы әрі қарай өңдеуді және теңестіруді қажет етпейтін нәтижелер болып табылады. Ал түсіру нәтижелерінің сонғы сандык түрі,оларды ГАЖ-қосымшада жұмыс істеу үшін әртүрлі форматта экспорттауға мумкіндік береді.

#### 1.6 Taxeometp «LEICA» TS 06 plus

LEICA TS06 сериясы - далалық жағдайда күрделі жұмыстарды жасауға мүмкіндік беретін бағдарламалық жасақтама пакетімен жабдықталған жаңа,

жақсартылған түрі. Ерекше сапа, функционалдылық және ауқымды жұмыс істеу мүмкіндіктері осы өндірістік құралды геодезиялық бейіндегі жұмыскерлер арасында өте танымал етеді.

Бұл серия LEICA Geosystems мамандарымен орта класты дәлдікпен геодезиялық жұмыстарды орындау үшін әзірленген. Келесідей керемет қызметтер жүйесі осы серия желісінде ұсынылған:

- FlexLine IP55 қорғаныс класы (шаң мен ылғалдан жоғары қорғау), жұмыс температурасының кең спектрі, рефлективтік және рефлекторсыз режимдерде өлшеуді жүзеге асыру мүмкіндігімен ерекшеленетін түрлі бұрыштық жылдамдықты өлшеу;
- Арктиканың және УльтраАрктиканың суыққа төзімді үлгілері қатал қысқы ауа райында жұмыс істеуге арналған маркшейдер мұздатқышты қатыру немесе құрылғының тетіктерін төмен температурада жоғалту туралы алаңдата алмайды;
- TS06Plus сериясы инженерлік геодезиялық, жерге орналастыру және кадастрлық зерттеулерге қажетті дәлдікті қамтамасыз ететін қуатты рефлекторлық PinPoint жиынтығымен жабдықталған. Алынған ақпаратты жазуға және сақтауға арналған пішім конфигурациялануы мүмкін.

Серияға қосылған құрылғылардың стандартты қосымшалары мыналарға мүмкіндік береді:

- станцияны орнатып, түсірілімнің басқа түрін шығарады;
- Табиғатпен айналысуды жүзеге асырады және кері серифтерді орындайды;
- планарлы және бетінің аудандарын және көлемдерін есептеу, басқа да қосымша өлшемдерді орындау; жасырын нысандардың қол жетімсіз биіктіктері мен параметрлерін анықтау.

